



# Айтыңызшы, анам қандай адам еді?

(Ардагер ұстаз марқұм Жұмакүл Кәмелқызы жайлы үзік сыр)



залап жатқан. Ағалайқумас-салам! Ә, қылың қалай, Асхат? Амансыңдар ғой. Әббегенің денсаулығы жақсы ма? Жақсы.

Әбекең деп отырғаным – Аманжол Хасенов ағамыз, соңғы жылдары ештеп денсаулығы сыр беріп жүр. Арақідік көшеде кездесіп, амаңдық сұрасып қаламыз.

Иә, Асхат-жан, не айтасың?

Резіжмесеніз өтінішім бар еді.

Неге резіжмін, қолымнан келсе. Айта бер.

Аға, биыл сәуірдің 3-і күні анамның қайтқанына тура 30 жыл толмақ. Сол кісі жайлы газетке шағын аңгіме берсем деп едім. Ол кісіні сіз жақсы білесіз ғой. Қандай адам екенін.

Апырмай, ертерек айтпадың ба, мен үлгіргеніммен тура сол күнге газет те баса қоймайды. Әкімшілік ақпарат көзі ғой, материалдары да көп дегендей. Жарайды, ойластырып көрейін – дедім. Содан ойым он саққа

жүгірді. Миям Асхаттың ұсынысынан бір босамай қойды. Марқұм Жұмакүлдің бет-жүзі, жүріс-тұрысы көз алдымнан кетер емес. Ақыры Асхатқа қайта қоңырау шалып, кездесейік дедім. Әңгімеміз кішігірім естелікке айналды.

Асхат, сен ол кезде 6 жаста едің, даярлық сыныбын бітірген кезің болатын. Ал, мен болсам, осы күнгі сенің жасыңда 36-дағы жігіт ағасы едім. «Ер туған жеріне» дегендей, 1986 жылы жұмыс бабымен туған ауылым Байғабылға ауыстым. Ал сендердің жанұяларың өз атамекендеріңе жақын жердегі жаңадан ашылған Шөптікөл кеңшарына Өтеміске көшті.

Иә, осындай жердің дымы әлі кебе қоймаған сәуір айы болатын. Қар суының кезі ғой. Сенің анаң Жұмакүл қайтты деген хабар төбемізден жай түскендей тиді. Екеумізді қатар сабақтан босатмай, туысың ғой, апанды жібердім.

Асхатжан, менің де анам 2 жасымда дүние салған. Бірақ мен сен қойған «Анам қандай адам еді?» деген сұрақты әлі күнге ешкімге қоя алмай келемін. Өткені менің екінші анам болды, сол кісі тәрбиелеп жеткізді.

Ал Әбекең әлі бас құрамай келеді. Сіра, бұл тірлікте ол кісі үшін сенің анаңның айырбасы болмаған ғой. Енді аңгіменің турасына көшейін.

1974 жылдан көрші тұрып, сенің ата-анаңмен бірге Құмкешу орта мектебінде әріптес болып қызмет атқардық. Жүкең марқұм өте салмақты болатын. Өзге әйелдердей қақ-соқ әңгімемен жұмысы жоқ. Ісі де, жүріс-тұрысы да жинаққа, тап-түйнақтай еді. Кінген киімі де өзіне жараса кететін. Күнделікті күйбең тірлігі, мектеп пен үйдің арасында өтетін қадуілігі нағыз ұстаз еді. Еваней Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік педагогикалық университетінің тарих факультетін сырттай бітіріп, сол мектепте ұзақ жылдар ұстаздық етті. Білікті маман болатын. Он екі жыл қатарынан облыстық оқу бөлімінің құрмет тақтасында тұрған аудандағы сол жылдардағы жалғыз тірек мектебінің мұғаліміне талал қандай болатынын өзің де сезетін шығарсың. Ал Әбекең еңбек және ауыл-шаруашылығы негіздері пәнінен дәріс берді. Ол кісі ағаштан ою ойып, темірден түйін-түйетін шебер ғой,

өрімшілігі тағы бар. Мойынан талстуты түспейтін, әкесіне тартқан сыпа еді. Марқұм Хасен атаң да қою қара мұртты, сұрғақ бойлы, үнемі кеудесін тік көтеріп жүретін сырбаз жан болатын. Әңгімені келістіріп айтатын қалыпты кісі еді. Бизәк апамыз да екі күнің бірінде қазан қайнаса, бізді шақырып алатын. Сіздің үйдің есігінен кіргенде саумал иісі аңқып тұрушы еді. Қымыз құмарлардың үйге бірі келіп, бірі кетіп жататын. «Келін қайын еменің топырағынан жаралады» демей ме, Жүкең де енесі сияқты өте таза, дастарханы мол, қолы ашық еді.

Міне, сенің анаң осындай жан болатын.

Иә, Жұмакүлдің артында 7 құрсақ қалды.

Солардың ешқайсысы кемдік көрмей, желкіден өсіп, ер жетті. Қыз өсіп, өріс болды, ұл өсіп, қонысына қонды. Бұл – әкенің асқан сабырлылығы мен ақыл-парасатының арқасы болар. Бүгінде Хасеновтар отбасы ұрпақ тәрбиесімен көпке үлгі. Анадарының кенересі тарылған жоқ. Балаларының әрқайсысы биіктен бастау алған бұлақтай өмір өзенінде желкенін түзеп, заман ағамы көшіне өз беттерімен

ілесуде. Солардың басым көпшілігі ата-ана жолын қуып ұстаздық салада еңбек етеді.

Гүлбақыты – Ахмет Байтұрсынұов атындағы бастауыш гимназияның жоғары білімді озыт ұстаздарының бірі.

Гүлжазирасы – Астанадағы №38 мектепте мұғалім, жоғары білімді.

Айдыны – экономист, Астанада Әділет министрлігінде бөлім басшысы болып қызмет атқарады.

Гүлнафисі – жоғары білімді заңгер-ұстаз.

Шырыны – есепші-экономист.

Асхаты – Арқалық қалалық мәдениет үйінің директоры, жоғары білімді.

Айдосы – Жоғары білімді заңгер – ұстаз, Астанада Әділет министрлігінде бас маман.

Адам ұрпағымен мың жасайды. Артына атын өшірмейтін із қалдырған асыл ананың рухы өлген жоқ. Саналы ұл-қыз текті атаның туын ешқашан төмен түсірмек емес.

Молдатай  
ЖАПАРҰЛЫ,  
қалалық  
ардагерлер ұйымының  
алқа мүшесі.

Алланың жақсы жанға нұры түскен Таласар пенде бар ма  
Ұлы күшпен Анасын қияметке  
Анасым қияметке  
Болмаса Жазымыштың бұйрығы үстем  
(Автордан)

Кеше ғана өткен наурыз айының 29-жұлдызы болды. Кенеттен қалта телефоным әңдетте түсті.  
Иә, тыңдап тұрмын, - дедім бейтаныс нөмірге аңтарылып.  
Ассалаумағалайкүм!  
Мен Асхат балаңыз ғой ма-